

общечеловеческие, универсальные понятия времени, количества, персональности и др. Ценностная и образно-ассоциативная составляющая этих концептов репрезентируются в акте коммуникации. Впервые в казахском языкознании содержательный аспект грамматических категорий характеризуется как результат процессов концептуализации и категоризации. Исследование закладывает основы нового для казахского языкознания научного направления – антропоцентрической грамматики казахского языка.

Материал поступил в редакцию журнала 13.01.2021

Morphological representation of the concept «past tense»

O. Zhubaeva

Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan

The topicality of the research paper is defined by the necessity of eliciting the nature and the extent of anthropocentricity and communicative content of grammatical categories in the Kazakh language. Anthropocentricity of grammatical categories in this study is elicited in two directions: as the reflection of the human factor in grammatical categories and as the use of grammatical categories by a person in the action of communication. Grammatical categories in the research work are interpreted both as a result of conceptualization and as a result of categorization. Grammatical categories are based on universal concepts which conceptual constituent includes universal values of time, quantity, personality and others. The value and image-bearing associative constituent of these concepts are represented in the action of communication. For the first time in the Kazakh linguistics the substantial aspect of grammatical categories is characterized as a result of conceptualization and categorization processes. The study lays the foundations for a new scientific direction for Kazakh linguistics – the anthropocentric grammar of the Kazakh language.

Received: 13.01.2021

MFTAP 81'243

А.М. Жумагулова

Шәкәрім атындағы Семей университеті, Семей қ., 071411 Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ДИСКУРСЫНЫҢ ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАСЫ

Мақалада бүгінгі қазақ тіл білімінде соңғы он жылдықта қарқынды зерттеу нысанына айналып келген «дискурс» термині мен зерттелу аясының толығып, өзге де тілдік бірліктермен астасып, ортақ бір аяқталған коммуникативтік процесті білдіретіндігі, қазақ дискурсының лингвосинергетикасы баяндалды. Дискурс терминімен сабақтастықта қарастыруға негіз болып отырған тың термин «синергетика» турасында пайымдаулар жасалды. «Синергетика» терминінің қазірге дейін жаратылыстану ғылымында қолданыс тапқаны баяндалды. Лингвосинергетика терминінің қалыптасуына байланысты теориялық еңбектер басшылыққа алынды. «Синергетика» терминінің қазақ тіл білімінде де бірлі-жарым зерттеулерде айтылып жүрген тұстары бар. Қазақ дискурсында да «лингвосинергетикалық бірліктердің» көрініс табатыны турасында біршама негіздеме жасалды. Қазақ дискурсы ретінде атап көрсететін «ғұрыптық фольклорлық» мұралардың синергетикасы нақты мысалдар арқылы келтірілді.

Кілт сөздер: дискурс, синергетика, лингвосинергетика, коммуникация, қазақ дискурсы, бірлескен әрекет

КІРІСПЕ

Біраз уақыттан бері нақты, бірізді анықтамасы берілмей келе жатқан «дискурс» термині «discurs» – сөйлеу, талқылау, лебіз деп «сөйлеушіге меншіктелген сөз» мағынасында қолданылып жүр. Дискурс – өте күрделі коммуникативті-прагматикалық құбылыс. Ол белгілі бір мәтін құрылымының қалыптасуына себеп болатын коммуникативтік процеске негіздеме береді. Жалпы дискурс терминінің өзін 1952 жылы зерттеуші-ғалым З. Харрис енгізген болатын. Аталмыш термин гуманитарлық ғылымдарда ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап қолданыста келеді.

Ғалымдар дискурс терминіне берілген анықтамалардың көп болуы оны зерттеудің түрлі функциональдық, жағдаяттық және когнитивтік бағыттарының болуымен байланыстырады. Функциональдық тұрғыдан дискурс кез-келген тілдік қолданыс ретінде кең әлеуметтік-мәдени контексте қарастыруға негізделгендігін де атап көрсетеді [1, 154].

Дискурсты «айтылым» ретінде қарастыру негізі бар. Мұнда дискурс жай ғана «сөйлем деңгейінен жоғары тұратын тіл» ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдік қолданыстағы функциональдық, контекстуальдық бірліктердің кешенімен сипатталатындығын да ескереді [2, 134].

Гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары арасындағы дискурс қолданысы, дискурстың өзіндік ерекшеліктері де ғалымдар зерттеуінде өзіндік сараланады [3]

Дискурс ұғымы сөйлеуші мен тыңдаушының лингвоментальды әрекетін ақпарат алмасу мақсатында жүргізілетін әртүрлі коммуникация үдерістерін зерттеудегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы тұста дискурстық қарым-қатынас кезінде көрініс табатын «бірлескен әрекеттер» ғылыми атаумен қолданыстағы «синергетика» терминімен астасатынын бағамдауға болады.

«Синергетика» термині бүгінге дейін көптеген ғылымдар аумағында қарастырылып келеді. Пәнаралық байланыс та айқын көрініс тапқан. Сондай өзге ғылым саласындағы зерттелу аясы мен бағыттарын бағамдау үшін бірнеше еңбектерді атап өтуге болады. Мәселен, синергетикалық ерекшеліктерді көрсете отырып математикалық әдіс аспектілеріндегі қолданысы жайында бағамдаған Д. С. Чернавскийдің «Синергетика и информация: динамическая теория информации» атты кітабында ақпараттың пайда болуы процестері мен оның даму эволюциясы, тіршіліктің пайда болуы, генетикалық код, ойлау мен шығармашылық процестері туралы айта келе, математикалық модельдеу әдісін кеңінен баяндайды [4].

Синергетика терминінің қолданысы жаратылыстану ғылымдарымен қатар гуманитарлық ғылымдарда да бірқатар аспектілерде қарастырылып келеді.

Синергетика ұғымының қолданысын саясаттану, философия мәселелерімен де сабақтастыру [5], синергетикалық идеялар мәдениет пен ғылым тарихынан, көркем және ғылыми шығармашылықтан, жеке психикалық өмір мен әлеуметтік тәжірибеден алынған бейнелермен айқын суреттелетіні жайлы да айтады [6].

Тіл ғылымының аясында да «лингвосинергетика» мәселелері назарға алынуда. Осы бағытта В.И. Аршинов, Я.И. Свирскийдің «Синергетическое движение в языке» (1994), Г.Г. Москальчуктің «Структурная организация и самоорганизация текста» (1998), И.А. Герман, В.А. Пищальникованың «Введение в лингвосинергетику» (1999) атты ғылыми-теориялық еңбектер қатарын атауға болады. Атап айтқанда зерттеуші ғалым Л.С. Пихтовникованың «Лингвосинергетика: основы и очерк направлений» атты монографиялық еңбегінде синергетика ұғымын жан-жақты қарастыра отырып, лингвосинергетиканы психоллингвистика, лингвистикалық философия, өзін-өзі тану сынды бағыттарда жан-жақты зерттеу нысанына ала отырып қарастырады [7].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дискурсты ең алдымен екі адамның қарым-қатынасы диалогтан іздегеніміз жөн. Дискурс жүйесінің дамуы «мағыналық кеңістік». Күрделі мағыналық кеңістік құру дискурстың барлық элементтеріне және қарым-қатынастың вербальды және бейвербальды түрлеріне қатысты. Дискурста мағына тудыру «энергия ағынына» да байланыстылығы байқалады. Олар сенсорлық-перцептивті бейнелеу, алғашқы бейнелерді символикалық түсіндіру, мәтіндегі түрлендірілген форманың әрекеті, ситуациялық, коммуникативті-прагматикалық және мәдени контексттердің тілден тыс ортасының әсері. Дискурс күрделі құрылым болғандықтан, прагматикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, психологиялық, семантикалық сипаттар тән. Осы аталған сипаттар диалогтық мәтінде дискурстық белгілерді аша түседі. Диалогтық қарым-қатынасқа түсуші екі адам өзара бір-бірін түсініседі. Диалогтық дискурстың сәтті орындалуында синергетикалық тәсілдердің де қызметі танылатындығын байқауға болады. Аталмыш терминнің өзі «синергетика (гр. *synergia*) – ынтымақтастық, бірлестік, бірлескен әрекет» деген мағынада қолданысқа ие.

Синергетика – түрлі сипаттағы күрделі жүйелерде процестерді зерттеу, өзін-өзі ұйымдастыру әдістемесі ретінде білімнің әртүрлі саласында белсенді қолданылып келеді. Соңғы кезде әлеуметтік процестерге, мәдениетке, ғылымға, өнерге, экономикаға және білімге де синергетикалық тәсіл деп аталатын ұғым қарқынды түрде еніп, қалыптасып келеді. Ал қазіргі тіл білімінде де бұл тұрғыдан жаңа аспектілер пайда бола бастады. Бүгінде тілдік талдаудың синергетикалық тәсілі көптеген зерттеулердің нысанында қарастырылуда.

Тіл – күрделі, динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе. Осы негізде жаңа пәнаралық білімді өзін-өзі ұйымдастыру (синергетика) теориясында ашылған заңдылықтармен, тіл мен қарым-қатынас саласымен сабақтастыруға болады. Тілді синергетикалық талдау мағынаның қалыптасуы, қарым-қатынас процестерінің ұйымдастырылуы, сондай-ақ тілді оқыту әдістемесі туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Тілге синергетикалық көзқарас тілдің функционалды-коммуникативтік теориясымен байланысты. Синергетиканың негізгі ұғымдарының бірі болып табылатын «сызықтық емес сөйлеу әрекетін» зерттеу перспективаларын аша түседі. Синергетикалық тәсіл сөйлеу кезіндегі коммуникативті ортаның әсерін бақылауға да мүмкіндік береді.

Лингвосинергетика мәтін құрылымының синтагматикалық және типологиялық аспектілері; мәтіннің тілдік құрамының негізі ретінде қайталанатын кешеннің құрылымы; мәтіннің құрылымдық өзін-өзі ұйымдастыру процестері (құрылымдық интегративті синергетикалық процестің динамикалық аспектісі); мәтіндік кеңістіктің лингводинамикасын модельдік ұсыну; мәтінді жүйе ретінде позициялық ұйымдастыру және басқа да нысандарда зерттеуге арқау болады.

Синергетика тұрғысынан коммуникативті орта сыртқы фактор емес, коммуникативті процестің қатысушысы болып табылады, мағынаны қалыптастыру, мәтін мен контекст, жаңашылдық пен дәстүрдің, семантикалық бірліктердің диалектикасымен байланыстылығы да ескеріледі

Ал лингвосинергетикалық тәсіл арқылы дискурстың синергетикалық категориясын тануға болады. Бұған мынадай тәсілдер көмекке келеді: индукция, дедукция, сипаттама, дискурс-талдау, лингво-синергетикалық тәсілдер.

Мұндағы дискурстық талдау әрекет, құрылым, өзгергіштік сынды үш тірекке, үш маңызды категорияға негізделеді. Дискурстық талдаудың танымдық сипаты айқын. Қарым-қатынас кезіндегі сөйлеуді зерттеу арқылы тұлғаның сыртқы және ішкі әлемін, болмысы мен ойлауын, жеке және әлеуметтік байланыстары мен өзара әрекеттеріне бойлауға деген ұмтылыс артып келеді. Демек, қарым-қатынас арқылы сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара байланыста олардың аялық білімі айқын көрінеді. Екеуара әңгіме бір-бірін белгілі бір әрекетке, істің бастамасына себепкер болады. Әрі тілге, күнделікті тілдік қарым-қатынасымызға жан бітіреді.

Дискурстың негізгі жүйелік категориясы – гомеостатизм. Дискурстағы негізгі мағына,

мақсатқа жету, қарым-қатынас жағдайында адресатты белгілі бір жағдайға әрекеттестіру. Дискурстың мағыналық категориясы біржақты процесс емес, ол бірнеше энергия ағындардың қарым-қатынасының нәтижесі. Онда белгілі бір мақсатты, реттілікпен қолданыстағы тілдік ағындар. Дискурстың басым жағы мақсаттылықпен қатар бір мезгілде «динамикалық қозғалыс» жүзеге асады.

Біртіндеп жүйенің ішіндегі динамикалық процестер мен сыртқы орта сигналдары тепе-теңдікті бұзады және кездейсоқ хаустық тербелістердің пайда болуына әкеледі. Демек, дискурс жүйесі өзара энергия алмасуда көріне отырып, ашық түрде болады. Дискурстағы ашықтық негізгі белгілердің бірі. Өзара ақпарат алмасуда адресант пен адресат арасында коммуникация белгілі бір мақсатқа негізделген. Дискурс коммуникативтік жағдайдың ажырамас бөлігі болғандықтан, дискурста ақпарат нақтыланады, туындайды, толығыады. Дискурстағы синергетика мәселесі әр салада өзіндік сипаты арқылы көрініс таба отырып, сөйлеу мен сөйлеуден тыс жағдаяттарды танытады.

Лингвосинергетиканы пәнаралық тану мен оқытуда дискурс күрделі ұйымдастырушылық жүйе ретінде белгілі болды. Осы ретте дискурстың синергетикалық категорияларын бөліп көрсетуге болады. Олар: ұйымдастыру, ашықтық, тұрақсыздық, пайда болу, симметрия /асимметрия. Аталған осы категориялар мағынаны жандандырады.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде синергетиканың әдіснамалық принциптерін белсенді қолдану жаңа ғылыми зерттеулердің пәнаралық бағытына жол ашады. Синергетиканы әдістемелік тұрғыдан қарастыруда өнер туындыларының құрылымы мен мидың жұмыс істеу заңдылықтарының арасындағы байланысты өзін-өзі ұйымдастыру теориясының қазіргі әдістері (синергетика) тұрғысынан зерттеу бағыттары да бар. Мұндай өзара байланыстар белгілі фактілер мен заңдылықтарды жаңа көзқараспен көруге және түсіндіруге ғана емес, сонымен қатар оны қабылдауға байланысты өнер мен ми функцияларын зерттеуде принципті жаңа бағыттарды қалыптастыруға мүмкіндік беріп отырғандығын көруге болады [8].

Кез-келген ғылымды тану біріншіден, оны басқа ғылымдардың қажеттіліктері негізінде, екіншіден, практикалық жағдайдағы қолданысы негізінде болуынан.

Лингвосинергетикада сөйлеу динамикасына қатысты түрлі қызметтер оның күрделі құрылымдары арқылы танылып отырады. Л.П. Якубинский сөйлеуге қатысты ой-тұжырымдарында «Адамның сөйлеу белсенділігі басты құбылыс, бұл факторлардың күрделілігінен танылады» – дейді [9].

Лингвист зерттеушілер нысанында сөз бен мағына, когнитивті лингвистикадағы танымдық модельдер, түсіну, сөйлеу қызметтерінің де синергетика дефиницаларына қатыстылығы баса айтылып келеді [10].

Лингвосинергетиканың қалыптасуы қарым-қатынас жүйесіндегі тілдің қызметі. Бұл ретте «тілдің синергетикалық қозғалысы» деген мағына туындайды. Бұл жаңа бағытта ерекше назар аудартатыны – ойды модельдеу мен сөзге өң беру, сөздің жаңа мағынасын тану, коммуникативтік қарым-қатынастарды ұйымдастыру, әрі тілді оқытудың әдістемесі.

Лингвистикада синергетиканы мәтінді тану аспектісінде мәтінді құрылымдық ұйымдастыру, мәтін құрылымының градациялық модельдер жүйесі ретінде де көрсете отырып ауызша сөйлеуді ұлттық тіл жүйесінің өзегі дейді, мәтіндердің функциональды түрлерін жазбаша мәтінмен байланыстырады [11, 88].

Осыған орайда ұлттық тіл, ауызша сөйлеу мәселесіне келгенде синергетика қазақ дискурсының керемет үлгілері сонау заманнан бүгінге дейін жалғастық тауып келе жатқан фольклорлық мәтіндерде атап айтсақ, балаларға арналған ғұрыптарда айрықша байқалатындығын баса айтуға болады. Қазақ баласының дүниеге келуінен бастап түрлі салт-жоралғылар өз ретімен, кезең - кезеңімен орындалып отырған. Осылардың қайсысында болмасын қазақ дискурсының синергетикалық, әрі лингвосинергетикалық белгілері көрініс табады. Барлық ғұрыптық мәтіндер ойлы, мәнді сөздермен өрнектеліп беріле отырып, олардың орындалуында да қосалқы қимыл әрекеттердің көмекке келетіні белгілі. Ол арқылы айтылатын ойдың түсінікті, нақты берілуі мен қабылдаушының назары да

ескерілетіні мәлім. Кез-келген фольклорлық мұра әнмен, жырмен, қимыл-әрекетпен байлынысты.

Мәселен, баланы алғаш шыр етіп дүниеге келгеннен кейінгі бесікке салу ғұрпының да маңыздылығы жоғары. Бесікке салған балаға бесік жырын айта отырып анасы балаға деген бар махаббатын, еркелету, айналып-толғану сезімін көрсетсе, оның түпкі астарында ойды сөзге өң беру, коммуникативтік қарым-қатынастарды ұйымдастыру сынды синергетикалық мәндер көрініс береді. Бесік жырының бірінен үзінді келтіре кетсек:

Құрығынды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Қызмет қылар ма екенсің?
Қолымыздан іс алып,
Бақытымызға жан балам,
Бізді бағар ма екенсің? – деп жырға қосқан [12, 96].

Мәтіндегі «Құрығынды майырып» дегендегі «құрық», «түнде жылқы қайырып» деген жолдардағы «қазақ өмірінің жылқымен байланысы» сөзге ұлттық кодты танытады. Әрі белгілі іс-әрекетке бағыттауға сөзбен ықпал етеді. Әрбір қазақ анасы осындай бесік жыры арқылы өз арман-тілегін қоса жырлап отырған.

Жиі қолданыстағы бата беру дәстүрінде батаның суггестиясы мен магиясынан өзге де синергетикалық белгілері танылады. Мысал ретінде бай мұрамыз шешендік сөздер үлгілерінің біріндегі бата беру жағдаятына назар аударсақ:

Қошқарұлы Жәнібек он үш жасында Қара биге барып батасын алмақшы болып, жолға шығады. Бірақ сәті түспей екі ел арасында жаугершілік басталып, үлкен ұрыстың арасынан өте алмаған бозбала Жәнібек кері қайтады. Содан соғыстың тоқтағанын күтіп арада үш жыл өтіп кетеді. Он алты жасында Қара биге келіп сәлем береді. Қара би оның сәлемін қабылдап тұрып:

- Әй, мен сені осыдан үш жыл бұрын күтіп едім, неге келмедің? – деп сұрайды. Жәнібек болған оқиғаны айтады.
- Е, онда жөн басқа, – дейді Қара биге менде қандай бұйымтайың бар?
- Оны өзіңіз де сезіп отырған шығарсыз. Маған керегі сіздің батаңыз, – дейді

Қошқарұлы Жәнібек сол кезде би қолын жайып:

- Бедері жоқ қылқадан,
Берік тоқылған бөз артық
Бірлігі жоқ туыстан,
Берік сөйлескен жат артық.
Пайданы алыстан қылғайсың,
Тышқан да інінің айналасына оттамайды,
Оны да есіңе алғайсың, – деп батасын беріпті [13, 53].

Демек байқағанымыздай, бата алу мен оған илану, сөз құдіретінің күштілігі айқын. Бата берушінің бата беру кезіндегі өзіндік сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, әуен-сазы тыңдаушыны баурап алады. Эмоциясына да ықпал ететіні сөзсіз. Осындай бата түрін қабылдай отырып, бата алушы адамның алақанын жаю, бетін сипау, ондағы сөз құдіретінің бата алушының бойына алақаны арқылы тарайтынына деген сенім мол.

Шешендік сөздер дискурсында да лингвосинергетикалық амалдар дискурсивтік қатынас кезіндегі көркемдеуіш құралдар, қаратпа сөздер қолданысы, сұраулы сұрау мәніндегі сөздер арқылы түрлі тілдік тәсілдерді игереді. Шешендік дискурстағы коммуникативтік әрекеттер: бейвербальды амалдар қолданысы, суырып салмалық, көпшілік алдында сөз бастау, дұрыс, әділ шешім шығару, төрелік ету сынды қасиеттер арқылы белгілі бір бірлескен әрекетке жұмылдырылады.

Осындай мол мұраларымыздан өзге де күнделікті қарапайым қандай да болмасын өзара қарым-қатынас бірлескен әрекетке итермелеп, түпкі мақсатты да нысанға алып отыратын белгілі. Қарым-қатынастағы «тіл» арқылы ұлттың бар болмыс-бітімі көрінетіні сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Соңғы уақыттарда тіл біліміндегі коммуникация мәселесіне қатысты зерттеулерде дискурсивті көзқарастың дамуына байланысты дискурсты «өмір тілі» ретінде қарастыру үрдісі байқалады. Демек, коммуникацияны дискурстан тыс қарастыруға болмайтындығын байқатады. Өйткені, дискурс – сөйлеу, сөйлесу іс-әрекеті, сөйлесудің нәтижесі – мәтін, адресант пен адресаттың өзара тіл табысуы.

Бүгінгі тіл білімінде осы ұғымды қарастыру әр қырынан қолға алынғаны байқалады. Соның бірі ретінде тіл біліміндегі синергетикалық тәсіл дискурста айрықша сипат алып отырғандығы. Лингвосинергетикалық талдаулар дискурстық қарым-қатынас кезінде сөйлеу әрекетінің тиімділігі мен ұйымдасу барысында белгілі бір қызметтер атқарады.

Дискурсивті құбылыстар әр түрлі ортада орын алады. Осыған қарамастан қазіргі тіл білімі кең әлеуметтік-мәдени контексте тілдің белсенділігін талдауға бет бұрды. Бұл кейбір әлеуметтік ғылымдарға дискурстық революция жағдайында дискурстық талдауды тұтастай алғанда жаңа парадигманы құрудың үлгісі мен әдісі ретінде қолдануға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, лингвистика жаңа күш-жігерді, жаңа мақсаттар мен перспективаларды адамдардың тілдік қарым-қатынасын зерттеуде қарқынды болып отыр.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Макаров М. Л. Основы теории дискурса. – Москва: Гнозис, 2003. – 280 с.
- 2 Кожина М. Н. Стилистический энциклопедический словарь русского языка. – Москва: Наука, 2003 – 696 с.
- 3 Розин В. М. Особенности дискурса и образцы исследования в гуманитарной науке. – Москва, 2018. – 208 с
- 4 Чернавский Д.С. Синергетика и информация: динамическая теория информации. – Москва: Издательская группа URSS, 2021. – 304 с.
- 5 Вагурич В.А. Синергетика эволюции современного общества. – Москва, 2019. – 214 с.
- 6 Князева Е.Н., Курдюмов С.П. Основание синергетики: синергетическое мироведение. – Москва, 2018. – 254 с.
- 7 Пихтовникова Л.С. Лингвосинергетика: основы и очерк направлений: монография / – Х.: ХНУ имени В.Н. Каразина, 2012. – 180 с.
- 8 Евин И. А. Искусство и синергетика: Учебные пособия / – Москва: Издательская группа URSS, 2020. – 206 с.
- 9 Якубинский Л.П. Избранное: Язык и его функционирование. – Москва, 1986 . – 205 с.
- 10 Гусаренко С.В., Гусаренко М.К. Слова и смыслы в нашем сознании: популярное введение в когнитивную лингвистику. – Москва: Издательская группа URSS, 2021. – 200 с.
- 11 Москальчук Г.Г. Структура текста как синергетический процесс: монография / – Москва, 2018. – 296 с.
- 12 Матыжанов К.І. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.
- 13 Адамбаев Б. Халық даналығы . – Алматы: Мектеп, 1976. – 156 б.

Материал 14.09.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Makarov M. L. Foundations of the theory of discourse. – Moscow: Gnosis, 2003. – 280 p.
- 2 Kozhina M. N. Stylistic encyclopedic dictionary of the Russian language. – Moscow, Nauka, 2003. – 696 p.
- 3 Rozin V.M. Features of discourse and samples of research in the humanities Moscow, 2018. – 208 p.

- 4 Chernavsky D. S. Synergetics and Information: Dynamic Information Theory – Moscow: URSS Publishing Group, 2021. – 304p.
- 5 Vagurin V.A. Synergetics of the evolution of modern society. – Moscow, 2019. – 214 p.
- 6 Кныазева Е.Н., Курдюмов С.П. The basis of synergetics: synergetic world science. – Moscow, 2018. – 254p.
- 7 Pikhtovnikova L.S. Linguosynergetics: fundamentals and outline of directions: monograph / – Kh .: KhNU named after V.N. Karazin, 2012. – 180 p.
- 8 Evin I .A. Art and synergetics: textbooks . – Moscow: URSS Publishing Group, 2020. . –206 p.
- 9 Yakubinsky L.P. Favorites: Language and its functioning. – Moscow, 1986. – 205 p.
- 10 Gusarenko S.V., Gusarenko M.K. Words and meanings in our minds: a popular introduction to cognitive linguistics. – Publishing group URSS, 2021. –200 p.
- 11 Moskalchuk G.G. The structure of the text as a synergistic process: monograph / – Moscow, 2018. – 296 p
- 12 Matyzhanov K I. Kazakh family folklore. Monograph. – Almaty: Arys, 2007. –332 p.
- 13 Adambaev B. Folk wisdom. – Almaty: School, 1976. –156 p.

Лингвосинергетика казахского дискурса

А. М. Жумагулова

НАО «Университет им. Шакарима городе Семей», г. Семей, 071411, Республика Казахстан

Предлагаемая статья описывает термин «дискурс», который стал предметом интенсивных исследований в современной казахской лингвистике за последнее десятилетие, а его объем в сочетании с другими языковыми единицами означает общий завершённый коммуникативный процесс, его дискурсивный характер и лингвистическую энергию казахского дискурса. Сделаны выводы о новом термине «синергетика», который является основанием для рассмотрения в связи с термином дискурс. Термин «синергетика» до сих пор используется в науке. Были проведены теоретические работы по формированию термина лингвосинергетика. Сфера применения термина «синергетика» расширилась, и в казахстанском языкознании есть некоторые аспекты исследования. В связи с этим был выдвинут ряд аргументов в пользу того, что «лингвосинергетические единицы» также отражаются в казахском дискурсе. На конкретных примерах представлена синергетика наследия «обрядового фольклора», обозначенного как казахский дискурс.

Материал поступил в редакцию журнала 14.09.2021

Linguosinergetic of kazakh discourse

A. Zhumagulova

University named after Shakarim city of Semey, Semey, 071411, Kazakhstan

The proposed article describes the term «discourse», which has become the subject of intensive research in modern Kazakh linguistics over the past decade, and its volume in combination with other linguistic units means the overall completed communicative process, its discursive nature and linguistic energy. Kazakh discourse. Conclusions are drawn about the new term «synergetics», which is the basis for consideration in connection with the term discourse. The term «synergetics» in modern linguistics, the term «synergetics» is still used in science. Theoretical work was carried out on the formation of the term linguosynergetics. However, the scope of the term «synergetics» has expanded, and there are some aspects of research in Kazakh linguistics. In this regard, a number of arguments were put forward in favor of the fact that «linguosynergetic units» are also reflected in the Kazakh discourse.

Received: 14.09.2021